

# Финляндияның білім беру жүйесі



**Орындаған:** Жүсіпова Қаракөзайым  
ППФ-308

**Қабылдаған:** Садықова М



Хельсинки қаласы

*Финляндия — Еуропаның солтүстігінде орналасқан мемлекет. 2015 жылғы көрсеткіш бойынша халық саны 5 492 000 адамды құрап отыр, жер аумағы — 338 430,53 км<sup>2</sup>. Әлем бойынша халық саны бойынша 114-ші, жер бойынша 64-ші орында тұр.*

*Астанасы әрі ең ірі қаласы — Хельсинки.*

*Мемлекеттік тілдері — фин және швед тілдері.*



*Финляндиядағы алғашқы мектеп XVI ғасырда құрылды және ол «халықтық мектеп» деп аталды.*

*1921жылдан бастап елде міндетті білім жүйесі енгізілді. Финляндияда 3450 мектеп бар. Финляндияның қазіргі заманға сай білім беру жүйесі толық мемлекет иелігінде.*

*Міндетті тегін орта білім 7 жастан бастап 16 жасқа дейінгі дайындық кезеңін қамтиды (бала 6 жасқа дейін бала бақшада тәрбиеленеді, одан кейін дайындық сыныбына барады, ал 7 жастан бастап мектепке), негізгі мектеп (1-9 сынып), жоғары мектеп (11-12 сынып) болып келеді. 9 сыныптан кейін жасөспірімдер арасында танымал болып отырған бейіндік оқыту тәжірибеге енгізілген.*



## *Мектепке дейінгі білім*

Кез келген 10 айлық бала балабақшаға баруға құқылы. Ол жерде тамақты тегін алады. Әдеттегі балабақшаға мүгедек балаларды да қабылдайды. Олар өзге балаларға ілесіп, нәтижесінде жастайынан өмірге икемделе бастайды. Кейде өмір сүруге қажетті мүшелерін қалпына келтіреді.

6 жасынан бастап баланы мектепке дайындайды. Ол жерде қажет болатын қабілеттерді жетілдіреді. Тіпті бастауыш сыныптың бағдарламасын меңгерте бастайды. Баланы ерекше талант иесі деп танып, мектепке дейін екі тілді меңгертеді.

*Финляндия халқы сәби дүниеге келе салысымен, оған толыққанды азамат ретінде қарайды. Бірден төлқұжат береді. Ата-аналарға қоғамдық орындарда баласына дауыс көтеруге тыйым салады. Тәрбие тек үйдің ішінде берілуі керек сынды қағида қалыптасқан. Ал қол көтергендері үшін көлемді айыппұл төлетуі мүмкін.*

# Білім беру жүйесінің қағидалары

- барлық бала тең құқылы;
- жекеменшік мектептер жоқ;
- сабаққа қажет құрал-жабдықтар мен оқулықтар тегін беріледі;
- түскі ас тегін;
- оқушылардың жол жүру билетінің ақшасын муниципалитет төлейді;
- мемлекетте мектеп инспекторлары жоқ;
- мұғалімдерге толықтай сенім артады;
- жемқорлық өте аз;
- табиғатынан кем-тар болып туылған балалар құрдастарымен қатар отырып білім алады;
- ұстаздардың оқушыны басқа мектепке көшіру немесе оқудан шығару сынды құқығы жоқ.

*Бұл ел білім саласын дамытуға бүкіл қоғамды жұмылдырды, мемлекеттік қаржыландыруға ерекше көңіл бөлінді:*

- мұғалімдердің айлық жалақысы 17 мың евро (біздің елдегіден 10-15 есе көп),*
- Оқушылар мен студенттерге стипендия тағайындалды,*
- Оларға тұрғын үй үшін айына 500 евро бөлінеді.*
- Оқушылардың денешынықтыруы, денсаулығына қамқорлық жасау, үй тапсырмасын азайту, салауатты өмір салтын қолдауға көп көңіл береді;*
- Ең жақсы білікті педагогтар мектепке дейінгі және кіші жастағылар мектептерінде жұмыс істейді, себебі мектепке дейінгі білім беру өмір бойғы оқудың бірінші және анағұрлым маңызды кезеңі болып табылады.*

*Балабақшадан кейінгі кезеңде негізгі мектепте оқушы 16 жыл бойы білім алады. Мектептегі білім алудың финдік ерекшеліктерінің тағы бірі - бұндай оқу орындарда емтихандардың жоқтығында болып отыр. Яғни, бала негізгі орта мектепті тәмамдағаннан соң да емтихан тапсырмайды. Елде жеке меншік білім беру мектептері жоқтың қасы - барлық дерлік мектептер мемлекеттің қарамағында. Әрі мектептердегі білім беру сапасы біркелкі. Мектепті бітірген оқушы өз білімін одан сайын шыңдаудың негізгі бағыттарын таңдау мүмкіндігіне, болашақ мамандықты ажырату құқына ие болады.*





# Хельсинки Университеті



*Бұл жоғары оқу орны Финляндиядағы ең үлкен оқу орны болып саналады, сондай-ақ әлемдегі пәнаралық зерттеушілік бағыттағы университеттердің үздігі болып саналады. Оның 11 факультетінде түрлі мемлекеттерден келген 35 000 студент білім алуда. Мұнда 3900-ден аса ғалымдар мен мұғалімдер сабақ береді. Басқа да жоғары оқу орындарындағы сияқты Финляндиядағы жоғары оқу орындарында оқу фин, швед және ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Университет әлемдік білім беру кеңістігінде өзара келісімге ұмтылады, сондықтан ағылшын тіліндегі бағдарламалар мен шетелдік студенттер саны үнемі өсіп отырады.*



*Хельсинки Университетінің кітапханасы*



*Заманауи үлгідегі кітапхана*



*Мэйлахтидагы кампусы*

# Қорытынды

*Фин еліне сапары барысында Елбасы: «Финляндиямен қарым-қатынас Қазақстан үшін аса қажетті. Себебі, бұл ел әлемде өзіндік орны бар, білім-ғылым саласында, инновация бағытында алдыңғы қатардағы мемлекеттердің бірі. Егерде біз бәсекеге сай ел болғымыз келсе, Финляндияның жүрген жолымен өтіп, тәлім-тәрбие алғанымыз өте пайдалы болады», «Біз бұрын өз дамуымызда Оңтүстік-Шығыс Азияның барыстарынан сабақ алдық. Олардың стратегияны қалай жасағанын, қалай дамығанын, кадрларды қалай дайындағанын үйрендік. Ал қазір бұл кезеңнен өттік, енді бізге Финляндиядан үйренген жөн», деп атап өткен еді.*

*Назар  
аударғандарыңызға  
рахмет!*